

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті " КЕАҚ
Құзыреттер және үздіксіз білім беру орталығы

**«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мұғалімдеріне арналған авторлық
бағдарлама және ғылыми жоба жазу негіздері»
біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

КІРІСПЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

Бағдарлама тақырыбының өзектілігі. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пән мұғалімдері мектеп пен колледжде т.б. білім беру ұйымдарында пәндік білім беруші маман ғана емес, әдіскер, тәрбиеші, өмірлік және ұлттық білім сіңіртетін ұстаз ретінде жан-жақты қызмет атқарады.

Сондай-ақ «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мұғалімі жай ғана тіл-әдебиет маман емес, ол – білім алушылардың санасында ұлттық болмыс пен танымды қалыптастырушы, сіңіртуші, жеткізуші, сақтаушы басты ұлттық мамандық иесі. Сондықтан осы бағыттағы пән мұғалімдері өз біліктіліктерін жоғары дәрежеде, ғылыми зерттеулік ізденістерімен де таныла білуі керек.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мұғалімдеріне мектепте авторлық бағдарлама құрастыру, соның негізінде сабақ жүргізу; сонымен бірге оқушыларға ғылыми жоба жазғызу жұмысын жүргізу, мақала жаза білуді меңгеруі міндеттелетіні белгілі. Алайда мектеп мұғалімдері авторлық бағдарлама жазуда, ғылыми жоба жұмысын жүргізуде ғылыми стильдік, әдістемелік, құрылымдық, емлелік, тыныс белгілік, жалпы ғылыми талаптарды орындау, зерттеулік тұжырым беру, қорытынды жасап, нәтиже, жаңалық шығару жағынан осалдық танытып жатады. Осындай кемшілік, қателердің болуына баланысты аталған пән бойынша мектеп мұғалімдеріне авторлық бағдарлама және ғылыми жоба жазу негіздерін **игерту қажеттілігі** туындайды.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» бағытындағы мұғалімдерге авторлық бағдарлама мен ғылыми жоба жазудың ғылыми әдістемелік, құрылымдық сипатын білгізу, тақырып таңдап, оқушыларға ұсына білуді үйрету; ғылыми жұмыстың мазмұндық жағынан сауатты жазылуын, құрастырылуын түсіндіру, тақырып таңдауды меңгерту және талдай білуге, тұжырым шығара білу негіздерін көрсету аталған бағдарламаның өзектілігін білдіреді. Мұғалімдер ғылыми жұмыс жазудың ғылыми әдістемелік, әдіснамалық, ғылыми теориялық негіздерін толық меңгеріп, қызметте нақты қолдана білуі тиіс. Ғылыми біліктілік олардың мұғалімдік, жоғары санатты педагогтік құзіреттіліктерінің терең жетілуіне бағыт береді.

Бағдарлама бойынша курс тыңдаушылар – «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша мектеп, колледжде сабақ жүргізетін пән мұғалімдері.

Курс бойынша өтетін сағат саны – 80 сағат.

Курсты оқыту түрі – іштей (қашықтықтан) оқыту

Оқу тілі – қазақ тілінде

2. СӨЗДІК (ГЛОССАРИЙ)

Авторлық бағдарлама – мектеп мұғалімінің өзі таңдаған пәндік тақырыбы бойынша өз әдіснамалық бағыты бойынша құрастырған жеке

Апробациядан өту – авторлық бағдарламаның тәжірибелік сынақтан өтуі;

Әдебиеттік көрсеткіш – авторлық бағдарлама жазуда қолданылған әдебиеттер тізімі

Әдебиеттік шолу – тақырыпқа байланысты дереккөздерге талдау жасау.

Бағдарлама құрылымы – авторлық бағдарлама жазудың жоспарлы құрылымының көрсетілуі,

Бекіту – Жоғары оқу-әдістемелік ұйымның келісім беруі.

Библиография – белгілі бір ғалымның еңбектерінің тізімі.

Ғылыми аппарат – авторлық бағдарлама, ғылыми жоба жазуда түсінік хат түрінде тақырып өзектілігінің, мақсат-міндетінің, қолданылатын әдістердің, әдіснамалық сипатының, дереккөздің, нәтиженің, тұжырым мен қорытындының ретімен, жүйелі көрсетіліп жазылатын ғылыми кіріспелік бөлім.

Ғылыми жоба – белгілі бір өзекті тақырып бойынша зерттеу жүргізіп, ғылыми жаңалық, нәтиже, тұжырым шығару үшін жазылатын, құрастырылатын ғылыми жүйелік, зерттеулік құрылым.

Дереккөз – ғылыми жоба жазуда қолданылатын әдебиет, сайттық сілтеме, электрондық қор, т.б. көрсеткіш түрлері

Жоспар – ғылыми жұмыстың мазмұндық жазылу ретін түсіндіретін тақырыптық құрылым.

Зерттеу әдіснамасы – ғылыми жұмыстың қандай әдістік жолмен, әдіс түрлерімен, дереккөздік негізбен жазылуын түсіндіретін ғылыми әдістемелік бірлік түсінігі⁷

Зерттеу әдісі – ғылыми әдістемелік жұмыс жазуда қолданылатын амал түрі

Кіріспе – 1) ғылыми жұмыстың ғылыми теориялық негіздемесін (аппаратын) түсіндіретін бастапқы ғылыми бөлім; 2) ғылыми жұмыстың негізгі бөліміндегі тақырыптық бастапқы бөлімі.

Қорытынды – ғылыми жұмыстағы әр бөлім, тарауша түйінін жинақтап, бір ойға, нәтижеге түсіріп, тақырыпқа сай шығарылатын соңғы тұжырым.

Мақсат (смарт мақсат) – ғылыми жұмыс тақырыбынан туындайтын, орындауға, нақты нәтиже шығаруға бағыттайтын әрекет сипаты Мақсат біреу ғана болады.

Міндет – мақсатқа қол жеткізуге итермелейтін, орындалуын ретімен жүйелеуге бағыттайтын әрекет түрі. Ол мақсатқа сай түрлі болады.

Нәтиже – мақсат пен міндет арқылы ғылыми жұмыстың нақты орындалып, іскен асуынан туындаған, туындайтын тұжырымдық әрекет негізіндегі дағды мен құзіреттілік, біліктілік көрінісі мен жұмыс қорытындысы.

Өзектілік – таңдалған тақырыптың қажеттілігін, маңызын, мәнін ашып көрсету мазмұны.

Пікір – қызмет орнынан тыс, бейтарап ғылыми әдістемелік ұйым өкілдерінен (ғалымдардан, әдіскерлерден, т.б.) ғылыми жұмысқа берілетін жазбаша ғылыми түсініктемелік талдау түрі;

Сілтеме – ғылыми жұмыс жазуда тақырыпқа қатысты зерттеушілер еңбектеріндегі көзқарас, тұжырым, пікірлердің алынуын әдебиеттік дереккөзбен бекітіп көрсету жолы.

Талдау – ғылыми тақырып пен жұмыстың таңдалуы мен жазылуын әдістемелік, ғылымилық жақтан кеңесте, семинарда, т.б. бағытта сараптамалық көзқарас, пікір беру; әдістемелік кеңестен өткізу және шешімін беру.

Тұжырым – ғылыми жұмыс жазуда қол жеткізілген нәтиже негізінде берілетін, шығарылатын нақты түйіндік пікір.

3. БАҒДАРЛАМА ТАҚЫРЫБЫ

Курстық бағдарлама ««Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мұғалімдеріне арналған авторлық бағдарлама және ғылыми жоба жазу негіздері» деген тақырыппен аталады.

Бағдарлама тақырыбының мақсаты – тіл/әдебиет мұғалімдерінің ғылыми әдістемелік жұмыс жүргізу біліктіліктерін қалыптастыру

Мақсатқа жету үшін қойылатын міндеттер:

- ғылыми жұмыс жүргізудің әдістемелік, теориялық сипатын түсіндіру;
- авторлық бағдарламаның құрылымы туралы түсінік беру;
- ғылыми жоба жазғызу, орындату жолдарын түсіндіру;
- ғылыми жұмыс жүргізудің ғылыми аппараты туралы түсінік қалыптастыру;
- «Түсінік хат» жазуға бейімдеу, негіздерін қалыптастыру
- авторлық бағдарлама мен ғылыми жобаның тақырыбын тандау негіздерін үйрету;
- ғылыми жұмыстың мақсат-міндетін жазу әдісін түсіндіру, талдау;
- әдебиет тізімін құрастыра білу жолдарын көрсету;
- әдебиетпен жұмыс жүргізудің ғылыми негізін түсіндіру;
- әдебиет, т.б. дереккөз бойынша сілтеме бере білу негізін түсіндіру;
- авторлық бағдарлама мен ғылыми жоба құрылымын белгілеуге үйрету;
- авторлық бағдарлама, ғылыми жобаның өзектілігін көрсетуді меңгерту;
- тақырыптық жоспар құруды меңгерту;
- ғылыми жұмыс жазғызу және талдау;
- мұғалімдік, педагогтік құзіреттілікті ғылыми негізде жетілдіруге бағыттау.

4. БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

Көрсетілген міндеттер негізінде бағдарлама бойынша «Қазақ тілі мен әдебиеті» мұғалімдері бірнеше оқу нәтижесіне қол жеткізеді:

1-ОН – ғылыми жұмыс жазудың әдістемелік, теориялық негізін түсініп, ажыратуы;

2-ОН – авторлық бағдарлама мен ғылыми жоба құрылымын және өзара айырмашылығын білуі; олардың ғылыми аппаратын көрсете алуы;

3-ОН – авторлық бағдарлама мен ғылыми жобаға қатысты ғылыми тақырып таңдау жолдары мен әдісін білуі;

5-ОН – авторлық бағдарлама мен ғылыми жобаға атысты жоспар құру, түсінік хат жазу негіздерін көрсете білуі;

6-ОН – авторлық бағдарлама мен ғылыми жоба тақырыбының өзектілігі мен мақсат-міндетін көрсете білуі;

7-ОН – авторлық бағдарлама мен ғылыми жоба тұжырымын, нәтижесін шығара білуі;

8-ОН – авторлық бағдарлама мен ғылыми жоба жазудың ғылыми әдіснамасын тани алуы;

9-ОН – авторлық бағдарламаның міндетті бағдарламадан тақырыптық жағынан ерекшелігін көрсетіп, өзіндік жаңалығын ұсына білуі;

10-ОН – ғылыми жоба жазғызуда оқушыларға жетекшілік жасай білуі.

5. Бағдарлама құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама жалпы ереже туралы «Түсінік хаттан», «Сөздіктен (гlossарий); тақырыптан, мақсат-міндеттерден, күтілетін нәтиже мен тұжырымнан, тақырыптық жоспардан (оқу үдерісінің жоспарлануы), қорытындыдан, тыңдаушыларды әдебиеттік көрсеткішпен қамтамасыз ету бөлімінен, Оқыту нәтижесінен (Күтілетін нәтиже); «Бағалау өлшемдерінен»; пайдаланылған әдебиет тізімінен; қолдау көрсету бөлімінен тұрады.

Бағдарламаның тақырыптық жоспары мен мазмұны 2 модульмен талданады.

1-модуль «Авторлық бағдарлама жазу негіздері» деген атаумен беріліп, онда авторлық бағдарлама жазудың бастапқы негіздерін түсіндіру, жазу ерекшеліктерін таныту басты мәселе болып табылады. Авторлық бағдарлама жазудың жалпы әдістемелік, ғылыми теориялық, педагогикалық, психологиялық негіздері; авторлық бағдарламаға тақырып таңдау мәселесі мен мәні; ғылыми жұмыс жазу әдіснамасы мен әдісі; жалпы қолданылатын әдістер; авторлық бағдарлама құрылымы мен жоспарлық мазмұны; жоспар құру әдісі; бағдарламаға ғылыми негіздеме (ғылыми аппарат) беру сипаты мен әдісі; авторлық бағдарлама тақырыбының өзектілігін көрсету мен ашу жолдарын таныту және тәжірибелік талдау жұмысы; әдебиеттік сілтеме жасау әдісі туралы деректер қаралады.

2-модуль «Ғылыми жоба жазу негіздері» деген атаумен талданады. Бұл тақырып бойынша ғылыми жоба түсінігі мен ғылыми теориясы, әдістемелік негізі; ғылыми жоба тақырыбын таңдау жолы және мазмұндық, аталымдық мәні мен сипаты; ғылыми жоба жазудың ғылыми негіздемесін беру жолдары, ғылыми жоба жазатын оқушылармен жұмыс жүргізу; негізгі бөлім кіріспесі; әдебиеттік сілтеме беру әдісі мен шолу жасау жолы; ғылыми жобаға қатысты жоспарлық жұмыс жүргізу апталығы мен тәртібі, ережесі; ғылыми жоба жазу әдіснамасы

мен әдісі, құрылымы қарастырылады. Дағдылық жұмыстар жүргізіліп, нәтиже шығарылады.

Соңында бағалау жүргізіліп, курстан кейінгі қолдау жұмысы туралы бағыт, түсініктеме беріледі.

6.Оқу үдерісін ұйымдастыру

Ұсынылған курстық бағдарлама 72 академиялық сағатқа мөлшерленгіп отыр. Курс аталған пән мұғалімдерінің ғылыми жұмыс жазудағы біліктіліктіліктерін арттыру және тану бағытын көздейді. Осыған орай дәрістік, тәжірибелік сабақ, ғылыми мәтін талдау жұмыстары жүргізіледі. Әдебиеттік көрсеткіштер бойынша саралау, талдау жұмысы жүргізіледі. Жоспар құру, атау беру, тақырып тандау, сілтеме беру, тұжырым жасау, түйін, нәтиже, қорытынды шығару мен ғылыми жұмысы құрылымын жасау әдістері қаралады. Пән мұалімінің өздік жұмыс жүргізуі мен ғылыми сауаттылығы, тіл білімдік сауаттылығы, жұмысқа пікір беру мен түзету жасау, т.б. бағытында тәжірибелік дағды қалыптастыру, кұзіреттіліктерін арттыру жұмыс түрлері қарастырылып, бағаланады.

№	Тақырып атауы	Офлайн (сағ.)	Онлайн (сағ.)	СРС (сағ.)	Жиыны
1-модуль. Авторлық бағдарлама жазу негіздері					
1-апта					
1.1	Авторлық бағдарлама жазудың жалпы әдістемелік, ғылыми теориялық, педагогикалық, психологиялық негіздері	2	2	2	4
1.2	Авторлық бағдарламаға тақырып тандау мәселесі мен мәні. Ғылыми жұмыс жазу әдіснамасы мен әдісі. Жұмыс жазуда қолданылатын әдістер	2	2	2	4
1.3	Авторлық бағдарлама құрылымы мен жоспарлық мазмұны. Жоспар құру әдісі	2	2	2	4
1.4	Авторлық бағдарламаға ғылыми негіздеме (ғылыми аппарат) беру сипаты мен әдісі туралы жалпы түсінік	2	2	1	4
1.5	Авторлық бағдарлама тақырыбының өзектілігін	4	2	1	4

	көрсету және ашу жолдары. Тәжірибелік талдау				
	Жиыны	12	10	8	22
2-апта					
1.6	Авторлық бағдарлама тақырыбының мақсатын беру, көрсету әдісі мен жолы. Сандық көрсеткіші. Сمارт мақсат түсінігі	2	1	1	4
1.7	Авторлық бағдарлама тақырыбы бойынша міндет қою жолы және тұжырым шығару амалы. Тәжірибелік талдау жұмысы	2	1	1	4
1.8	Авторлық бағдарлама тақырыбы негізінде нәтиже шығару жолы мен әдісі. Түйін, тұжырым шығару әдісі.	2	1	1	4
1.9	Авторлық бағдарлама тақырыбы әдебиет тізімін құрастыру мен сілтеме беру әдісі. Әдебиетпен жұмыс жүргізу	4	1	1	4
1.9.1	Авторлық бағдарлама қорытындысын шығара білу; бағалау құрастыру жолдары	2	1	1	4
		12	5	5	22
3-апта					
2-модуль. Ғылыми жоба жазу негіздері					
2.1	Ғылыми жоба түсінігі мен ғылыми теориясы,әдістемелік негізі	2	1	1	4
2.2	Ғылыми жоба тақырыбын таңдау жолы және мазмұндық, аталымдық мәні мен сипаты	2	1	1	4
2.3	Ғылыми жоба жазудың ғылыми негіздемесін беру жолдары, ғылыми жоба жазатын оқушылармен жұмыс жүргізу жолдары. Ненгізгі бөлім кіріспесі. Әдебиеттік сілтеме беру жолы.	2	2	2	6

2.4	Ғылыми жобаға қатысты жоспарлық жұмыс жүргізу апталығы мен тәртібі, ережесі; ғылыми жоба жазу әдіснамасы мен әдісі. Құрылымы.	2	2	2	6
2.5	Ғылыми жоба жазудың мақсат-міндетін, өзектілігін, тұжырымы мен нәтижесін жазу және талқылау	4	2	2	8
	Жиыны	12	8	8	28
	Барлығы	36	23	21	80

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Тыңдаушылар үшін негізгі және қосымша әдебиет тізімі ұсынылады. Бұдан тыс

- осы курс бағдарламасы;
- слайдтық талдаулар;
- ғылыми зерттеу жұмыс түрлері;
- тапсырма;
- ғаламторлық дерекқор;
- ғылыми жұмыс жүргізудегі ғылыми теориялық мәліметтер мен негіздемелер;
- дәріс, тәжірибелік нұсқау;
- жұмыс жүргізуден туындайтын 10 түрлі оқыту нәтижесінің (ОН) мазмұндық сипаты;
- бағалау өлшемдерінің мазмұны алдына ала көрсетіледі.

Тыңдаушыларға әдебиеттік көрсеткіштің негізгі түрлері басты құрал ретінде таныстырылады.

1. Сәтбаева Г.С. Ғылыми зерттеу әдістемесі. Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 250 б.
2. Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру әдістемесі. Алматы, 2020. – 115 б.
3. Ахметова А.А. Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту// Педагогика және психология. 2023. – №2. 25-31-б.

Аталған әдістемелік оқу құралдарынан басқа тыңдаушы мұғалімдердің өздері қолданатын деректерді пайдалану рұқсат етіледі.

8.ОҚУ НӘТИЖЕСІН БАҒАЛАУ ӨЛШЕМДЕРІ

1. Ғылыми жұмыс жазуды үйренудегі тыңдаушының психологиялық, педагогтік құзіреттілігінің қалыптасуы – 10 ұпай;
2. Ғылыми жұмыс жазудағы тыңдаушы педагогтің кәсіби құзіреттілігінің анықталуы – 10 ұпай;
3. Тыңдаушы педагогтің авторлық бағдарлама мен ғылыми жоба жазудың ғылыми негіздерін түсініп, қолдана білуі – 10 ұпай;
4. Ғылыми жоба жазудың әдіснамалық, әдістік негіздерін ажырата білуі – 10 ұпай;
5. Ғылыми сөйлеу және жазу сауаттылығы – 10 ұпай;
6. Ғылыми жоба тақырыбын таңдай алуы; атау бере білуі – 10 ұпай;
7. Тақырып бойынша ғылыми жұмыс жоспарын құра білуі– 10 ұпай;
8. Авторлық бағдарлама мен ғылыми жоба құрылымын білуі, ажыратуы – 10 ұпай;
9. Сынып бойынша оқушыларға ғылыми жоба тақырыбын ұсынып, талқылай алу, жетекшілік жасай алуы – 10 ұпай;
10. Ғылыми әдістемелік дағдының қалыптасып, ғылыми құзіреттілікті игере білуі – 10 ұпай;

9.КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

Ұсынылған бағдарлама мазмұны бойынша тиісті сағаттық мөлшерде курстық білім берілген соң «Қазақ тілі мен әдебиеті» пән мұғалімдерімен тірек мектеппен жұмыс жүргізу жоспары негізінде үнемі байланыс жасалады. Курстық тақырып бойынша мұғалімдерінің ғылыми жұмыстарының жазылуына көмек, бағыт беру бойынша арнайы семинар, кеңес өткізу жұмысы жоспарланады. Сонымен бірге бірнеше тақырыптық бағытта қолдау көрсетіледі.

Қолдау түрлері:

- мектеп мұғалімдерімен тәжірибе алмасу жұмысын жүргізу;
- университеттің ғылыми жұмыс бағытына мектеп мұғалімдерін тарту;
- мектеп мұғалімдеріне ғылыми әдістемелік, ғылыми теориялық кеңес беру;
- мектеп мұғалімдерінің ғылыми жұмыстарына бағыт беру;
- пікір беру;
- ғылыми семинар өткізу;
- тіл/әдебиет бағыты бойынша білімдік сайысқа оқушыларды дайындауға негіздеме беру;
- мектеп мұғалімдерінің дәрежелік білімдерінің көтерілуіне ықпал жасау; ғылыми білім алуға тарту;

10.ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиет

1. https://kazneb.kz/?utm_source=chatgpt.com
2. Ахметов А.А. Білім беру саласындағы инновациялар//Педагогика және психология. – 2023. №2. 15-22-б.
3. Ахметова А.А. Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту // Педагогика және психология. 2023. – №2. 25-31-б.
4. Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру әдістемесі. Алматы, 2020. – 115 б.
5. Оспан Е. Академиялық жазылым негіздері. Оқу құралы. Алматы: «Білік» 2020. – 340 бет.
6. Сағынтаева А., Қамбатырова Ә., Қарабасова Л., Қанай Г., Әлмұхамбетова А. Білім беру зерттеулеріне кіріспе: теория, әдістер және тәжірибелер. Монография. Нұр-Сұлтан: Назарбаев университеті. Жоғары білім беру мектебі, 2022 -232-б
7. Сәтбаева Г.С. Ғылыми зерттеу әдістемесі. Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 250 б.

Қосымша әдебиеттер

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Астана. 2025. – 120 б.
2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС). Астана, 2024.
4. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы баслымындағы үлгілік оқу бағдарламалары мен әдістемелік ұсынымдар
5. Пән бойынша қолданыстағы оқу бағдарламалары
6. Пәндік оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер
7. Электрондық ғылыми дереккөз: Google Scholar; eLIBRARY.RU
8. Қазақ тілі мен әдебиеті» ғылыми-әдістемелік журналы. 2021-26 жылдар
9. «Қазақстан мектебі» журналы. 2021-26 жылдар